ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

1 апта

7-8 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

1 апта

Апталық кітап:

- **7-сынып:** Бердібек Соқпақбаев – “Балалық шаққа саяхат”
- **8-сынып:** Бауыржан Момышұлы – “Ұшқан Ұя”

Апталық челлендж:

Әр күніңді әсемде (“Күнделікті бір адамға жақсылық жаса”)

Апталық жоба:

“Менің сүйікті тағамдарым”

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Тазалық талғамымен ұқыптылыққа ұмтыл» (“Тазалық, ұқыптылық”)

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

“Тыңда”

Отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- **“Менің атым Қожа” https://www.youtube.com/watch?v=yQa1xX0FKPs**
- **“Каникулы OFFLINE 1” - https://www.youtube.com/watch?v=zxLBzhENeMg**
- **“Звездочки на земле” - www.kinopoisk.ru/film/280562/**
- **“Вверх” - www.kinopoisk.ru/film/325381/**

Апталық қолөнер жұмысы:

Бір сурет салу (Оқушы өз қиялына ерік беріп, еркін тақырыпта сурет салады)

1 апта

Апталық челлендж:

- Әр күніңді әсемде (“Күнделікті бір адамға жақсылық жаса”)

Мақсаты: Оқушының бойында жақсылық жасау, өзгелерге қол ұшын беру қасиеттерін қалыптастыру. Жасаған жақсылығын паш ету емес, шынайы алғыс алудың қуанышын сезіне білу.

Орындалуы: Челленджді бастаушы өз отбасының мүшелеріне немесе кез-келген адамға қол ұшын созып, оларға көмектесу арқылы қажеттілігін өтеп, т.с.с. жақсылық жасайды. Жақсылық жасалған адамның алғысын, ой-пікірін видео немесе фото ретінде әлеуметтік желіге жариялап, келесі қатысушыға жолдайды.

Аптаның жобасы:

- “Менің сүйікті тағамдарым”

Мақсаты: Үйдегі ересектерге көмектесу, достарымен шынайы қарым-қатынаста болу, өзімізді жақсырақ тану және жазу дағдымызды арттыру.

Орындалуы: Алдымен сынып болып ортақ google slide (WhatsApp желісінде топ) ашу. Әр оқушы өзіне ұнайтын тағамдардың тізімін шығару. Тізімдегі тағамдарды үйдегі ересектермен бірге дайындау. Әрі қарай, пісірілген тағамның жасалу жолын, суретін немесе видеосын ортақ слайдқа салу (WhatsApp желісінде топқа жіберу). Осылайша сыныптастар бір-бірінің сүйікті тағамдарымен танысады.

1 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

Тазалық талғамымен ұқыптылыққа ұмтыл
(“Тазалық, ұқыптылық” туралы тәрбие сағаты)

Тазалық жайында ғибратты әңгіме:

Таза бұлақ
Ыбырай Алтынсарин

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш кылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

— Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, — деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

— Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, — деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

— Жоқ мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, — деді.

1 апта

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» — деп сұрады.

Жігіт айтты:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңілінді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, — деді.

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: "Тыңда" шеңбері
Мақсаты: Ойыншылар арасында бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру. Тыңдай білу дағдысына баулу.
Уақыты: 10 минут
Қажетті материалдар (заттар): отбасы мүшелерінің идеясына байланысты, мысалыға кітаптар, сіріңке, сіріңке қораптары немесе қораптар, LEGO бөлшектері болады және көз байлауға арналған мата немесе орамал.
Ойын ережесі: Ойын соңында бір фигура немесе макет (?) құрастырылу керек. Алдымен ойыншылардың арасынан бір адам таңдалады, оның көзі байланады. Ортаға таңдалған заттар шашылады. Топтың басқа мүшелері ортадағы ойыншыға ауызша нұсқау (бағдар) беріп отырады. Ойыншылар тек сөйлесу және бір-бірін тыңдау арқылы бір фигура немесе макет (?) жасап шығуы керек. Мысалы: ромб, пирамида, шаршы, үй, машина, т.б.
Қорытынды: Ойыншылардың өзара сенімділігі артып, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, бір-бірін тыңдап, сыйластық танытудың үлгілерімен танысады.

www.qundylyq.kz